

**Қаржылық есептілікті қалыптастыру мақсатында қаржы ұйымдарында және арнайы қаржы компанияларында валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамын қолдану туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2008 жылғы 25 ақпандағы N 11 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 27 наурыздағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5171 болып енгізілді. Қаулының күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 28 қаңтардағы N 36 Бұйрығымен, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2009 жылғы 26 қаңтардағы N 4 Қаулысымен.

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2009.01.28 N 36 Бұйрығымен, ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.01.26 N 4 Қаулысымен.*

*Қолданушылардың назарына!!!*

*Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.*

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 наурыздағы Заңының 8-бабының к-1) және к-3) тармақшаларына және»"Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы Заңының 20-бабының 6-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қаржылық есептілікті қалыптастыру мақсатында қаржы ұйымдары мен арнайы қаржы компаниялары»"Валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамын анықтау тәртібін белгілеу туралы" бірлескен Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2002 жылғы 23 желтоқсандағы N 629 бұйрығының және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 23 желтоқсандағы N 512 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2106 тіркелген) 1-тармағында белгіленген тәртіппен анықталған валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамын пайдалана отырып, сауда-саттық жүргізілген күннің аяғында активтер мен міндеттемелер шоттарындағы қалдықтарды қайта санасын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

3. Бухгалтерлік есеп департаменті (Шалғымбаева Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолдансын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігіне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне, қаржы ұйымдарына және арнайы қаржы компанияларына жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.Т. Ақышевқа жүктелсін.

*Төрағасы*

*Ұ л т т ы қ                      Б а н к*  
*Ә.Сәйденов*